

2015 жылы бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын тұтынудың (пайдаланудың) ең төменгі нормаларын аймақтар бойынша және дақылдар бөлінісінде бекіту туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 116 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 2 маусымда № 3924 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 9 ақпандағы № 24 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 09.02.2016 № 24 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Тұқым шаруашылығы туралы" 2003 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа ала отырып, "Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 4-2/664 бұйрығына сәйкес Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2015 жылы бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын тұтынудың (пайдаланудың) ең төменгі нормалары аймақтар бойынша және дақылдар бөлінісінде бекітілсін.

2. "Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі, аудандар мен Орал қаласы әкімдері осы қаулыны іске асыру бойынша қажетті шараларды алсын.

3. "Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі (М. К. Оңғарбеков) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Батыс Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары А. К. Өтеғұловқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Ноғаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

8 мамыр 2015 ж.

**2015 жылы бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының
тұқымдарын
тұтынудың (пайдаланудың) ең төменгі нормалары аймақтар бойынша
және дақылдар
бөлінісінде**

№	Дақыл	Аймақтар	
		1 (бірінші) – құрғақ далалық астық және мал шаруашылығы аймағы	2 (екінші) – шөлейт мал және астық шаруашылығы аймағы
		Бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын 1 гектарға тұтынудың (пайдаланудың) ең төменгі нормалары, килограмм	
1	Бидай	7,971	7,898
2	Арпа	14,301	14,014
3	Сұлы	4,992	
4	Қара бидай	8,007	7,986
5	Қарақұмық	1,300	
6	Жүгері (будан)	39,000	
7	Дәнді-бұршақты	28,990	
8	Мақсары	0,321	0,260
9	Күнбағыс сорты	0,500	
10	Күнбағыс (будан)	13,000	13,000
11	Картоп	234,841	234,811
12	Біржылдық шөптер	0,040	0,033
13	Дәнді көпжылдық шөптер	13,000	
14	Бұршақты көпжылдық шөптер	13,000	